

2016 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 221 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 тамызда № 6579 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Жітіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 253 "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын, өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-10-143 болып тіркелген, 2010 жылғы 24 маусымда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 5 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Жітіқара
ауданының әкімі*

А. Ибраев

Әкімдіктің
2016 жылғы 11 шілдедегі
№ 221 қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
Дәнді дақылдар		
1	Жаздық жұмсақ бидай	2016 жылғы 15 мамырдан бастап 2 маусымға дейін
2	Жаздық қатты бидай	2016 жылғы 18 мамырдан бастап 1 маусымға дейін
3	Арпа	2016 жылғы 15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
4	Сұлы	2016 жылғы 15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
Майлы дақылдар		
1	Күнбағыс	2016 жылғы 5 мамырдан бастап 1 маусымға дейін
2	Зығыр	2016 жылғы 12 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
3	Мақсары	2016 жылғы 10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК